



Бекітілді
«Абай облысының қаржы басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
« 19 » документ 2023 жылы
№ 682 кр бұйрығымен

Абай облысы білім басқармасының
«Жарма технология колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Жарғысы

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Абай облысы білім басқармасының «Жарма технология колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (ары қарай – мемлекеттік мекеме) бұл жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру немесе орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, соның ішінде Абай облысының қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде (ары қарай – ОВ) жазасын өтеп жатқан сотталушылардың ішінен білікті жұмысшы мамандарды оқыту, даярлау және қайта даярлауды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді іске асыру үшін мекеменің құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым.

2. Мемлекеттік мекеме «Кейбір білім беру ұйымдарын қайта құру туралы» Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 124 қаулысы негізінде қайта құрылды.

3. «Абай облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Жергілікті атқарушы орган) мекеме құрылтайшысы болып табылады.

4. Мемлекеттік мекемені басқаруды жүзеге асыратын, сонымен қатар мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісі қызметтерін жүзеге асыратын уәкілетті «Абай облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тиісті саладағы уәкілетті орган) болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің атауы: Абай облысы білім басқармасының «Жарма технология колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: индексі 070619, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Шар каласы, Амангелді көшесі, 1.

2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

7. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі бар.

8. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

9. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша, өзіндегі ақшаға жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жетпеген жағдайда оның міндеттемесі бойынша Абай облыстық әкімдігі тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

10. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3 тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің нысаны және мақсаттары

11. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы оқу-тәрбие, оқу-өндірістік қызмет болып табылады.

12. Мемлекеттік мекеменің мақсаты техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім, білікті мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау (қысқа мерзімді кәсіптік), соның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша арнайы контингент құрамына кіретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде жасалған оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартынан бөлек қосымша кәсіби білім беру қызметтері ұсынылуы мүмкін (арнайы құрамнан басқаларға);

ОВ-да жазасын өтеп жатқан арнайы құрамды (сотталушыларды) техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарына (біліктіліктеріне) оқыту.

2) Кәсіпорындардың (қауымдастықтардың), ұйымдардың және мекемелердің мамандарын, мемлекеттік қызметшілерді, жұмыстан босатылған жұмысшыларды, жұмыссыз азаматтарды, жұмыссыздарды техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына сәйкес кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және арнайы контингент құрамындағы білікті жұмысшыларды қайта даярлауды ұйымдастыру және өткізу;

3) Қазақстан Республикасының аумағында , одан тысқары жерлерде де ұйымдарда, кәсіпорындарда және мекемелерде түрлі формадағы білім алушылардың тағылымдамалары мен тәжірибелерін ұйымдастыру (арнайы құрамнан басқаларды) ;

4) Мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды оқытуға арнайы жағдай жасау;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған қосымша білім беру қызметтерін келісімшарт жасасу жолымен ақылы түрде ұсыну:

5-1) Кәсіпорындардың (қауымдастықтардың), ұйымдардың және мекемелердің мамандарын, мемлекеттік қызметшілерді, жұмыстан босатылған жұмысшыларды, жұмыссыз азаматтарды, жұмыссыздарды техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына сәйкес кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды ұйымдастыру және өткізу;

5-2) Оқу-өндірістік шеберханаларында практикалық сабақтар кезінде сұранысқа ие өнімді шығару және сату үшін оқу өндірістік шаруашылықты ұйымдастыру;

б) Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған қосымша қызметтерді көрсету:

- түрлі бағыттар бойынша үйірмелер мен секциялар ұйымдастыру және өткізу;

- жүргізу бойынша, кондитерлік өнімдерді дайындау бойынша, аспаздық іс және т.б. бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу;

- түрлі іс-шаралар: спорттық жарыстар, семинарлар мен конференциялар, тренингтер ұйымдастыру және өткізу, сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және енгізу;

- оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылығының, оқу-тәжірибе алаңдарының өнімдерін өндіруді және сатуды ұйымдастыру;

- көкөніс қоймасының, асхананың және мемлекеттік тапсырыспен қамтылмаған кәсіпорынның бос үй-жайларының қызметін ұсыну;

- ағаш ұстасы, темір ұстасы, дәнекерлеу, сантехникалық, токарлік және слесарлық жұмыстар;

- көлік қызметтері (ассенизатор, автокран, экскаватор, трактор, жүк тасымалы қызметі);

- автокөлік, тракторлар және ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

- автокөліктер бойынша шанақ және бояу жұмыстары;

- шиномонтаждық жұмыстар;

- автокөліктерді компьютерлік диагностикалау;

- ксерокөшірме, сызбалар сызу, компьютерлік теру, фото және баннерлер дайындау.

- зоотехникалық және ветеринариялық іс-шараларды жүргізу, жануарларға ветеринариялық күтім жасау;

- агротехникалық шараларды жүргізу, топырақ өңдеу қызметтері;

- тігін өндірісі қызметтері;

- кондитерлік өнімдерді дайындау, аспаздық ісі.

7) Негізгі құрамды оқуға қабылдауды жүзеге асыру:

7-1) Оқуға қабылдау тиісті жылға Қазақстан Республикасының колледждеріне оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері негізінде әзірленген мекемеге қабылдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Оқушыларды іріктеу (қабылдау) конкурстық негізде жүзеге асады, талапкерлерде негізгі орта (негізгі жалпы), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (алғашқы және орта кәсіптік), орта, жоғары (жоғары кәсіптік) білімдері болу керек. Қабылдау әңгімелесудің немесе мемлекеттік мекеме өткізген қабылдау емтихандарының нәтижесі бойынша өткізіледі;

7-2) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жоғары білімі бар тұлғаларға өткізілетін қабылдау емтиханының түрін мемлекеттік мекеме бекітеді.

7-3) Кешенді тестілеудің сертификатын ұсынған тұлғалар, ағымдағы жылы жоғары оқу орындарына түсу үшін кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылғы түлектер, ҰБТ нәтижесі туралы сертификат ұсынғандар (бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысқан ағымдағы жылғы түлектер) конкурсқа қабылдау емтихандарынсыз жіберіледі.

8) Арнайы құрамды оқуға қабылдауды жүзеге асыру:

8-1) Оқуға қабылдау тиісті саладағы өкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының колледждеріне оқуға қабылдаудың ережелерінің негізінде әзірленген қабылдау тәртібіне сәйкес ОВ-да жазасын өтеп жатқан сотталушылардың ішінен орта білімі бар және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімі бар және оқуға қабылдау кезіндегі білімі туралы құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

8-2) Білімі туралы құжаты болмаған жағдайда мемлекеттік мекеме директоры облыстық және Республикалық деңгейдегі қалалық білім басқармаларының басқаруындағы сотталушы оқыған білім мекемесіне сұрау салады. Ерекше жағдайда сотталғандар мемлекеттік мекемеге жеке іс-қағаздарындағы білімі туралы анықтаманың негізінде қабылданады. Оқуға қабылдау ОВ басшысының келісімі бойынша мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен рәсімделеді.

8-3) Оқу үрдісі басталғаннан кейін басқа ОВ-дан келген сотталушылар жеке іс құжаттарындағы бар мәліметтер (табель, білімі туралы анықтама және т.б.) негізінде есепке алынады.

9) Оқу үрдісін ұйымдастырудың тәртібі:

9-1) Оқу үрдісі мамандықтың ерекшелігі мен студенттер тобын ескере отырып, оқыту және тәрбиелеу құралдарын педагогикалық негізделген таңдау негізінде жүзеге асырылады.

9-2) Сабақтар кестесі мемлекеттік мекеме жұмысының ішкі тәртібі және қолданыстағы санитарлық нормаларға сәйкес жасалады.

9-3) Оқу-өндірістік процесс білім алушылар құрамының ерекшеліктерін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеу құралдарын таңдау негізінде құрылады.

9-4) Оқу процесі қазақша мемлекеттік тілде және/немесе орыс тілінде және/немесе ағылшын тілінде, оқыту ағылшын тілінде болуы мүмкін. Жеке

тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алғандағы білім беру бағдарламаларының мазмұнына, әрқайсысының білікті білім деңгейін алуына жағдай туғызуға байланысты, оқыту құрамға (негізгі немесе арнайы) байланысты іштей оқыту түрінде: күндізгі және кешкі; сырттай; қашықтықтан оқыту және экстернат түрінде жүргізіледі. Құрамға байланысты, білім алудың түрлі формаларын үйлестіруге болады;

9-5) Оқу сабақтарының негізгі түрлері белгіленеді: сабақ, дәріс, семинар, практикалық сабақтар, зертханалық сабақтар, консультациялар, өздік жұмыстары, оқу және өндірістік практикалар, курстық жұмыстар орындау (курстық жобалау), сонымен қатар оқу сабақтарының басқа да түрлері өткізілуі мүмкін;

9-6) Білім алушылардың міндетті оқу сабақтарының апталық жүктемесі аптасына 40 сағаттан аспайды. Оқу сабақтарының кестесі оқу процесінің және оқу жоспарының тізбесіне сәйкес құрылады және оқу жоспарында қарастырылмаған сабақтар кіргізілмейді. Оқу сабақтарының саны мен реттілігі оқу жоспары және сабақ кестесімен анықталады. Сабақ кестесі білім алушылардың оқу жұмысының біркелкі бөлінуін, оқу жүктемесінің біртіндеп өсуін, ыңғайлы ырғақ және еңбек режимін қамтамасыз етеді;

9-7) Сабақтың басталу және аяқталу уақыты, сабақ арасындағы үзілістердің ұзақтығы мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен белгіленеді.

9-8) Арнайы құрам үшін сабақтың басталуы мен аяқталу уақыты, сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы ОВ басшысымен немесе өзге өкілетті тұлғамен келісіледі.

9-9) Оқу жылының басталу және аяқталу уақыты, каникулдардың кезектілігі мен ұзақтығы Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрлігінің және білім саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органымен және мемлекеттік мекеменің оқу үрдісінің кестесімен белгіленеді;

9-10) Оқушылар оқу топтарына біріктіріледі. Топтар зертханалық-практикалық сабақтар өткізілгенде, өндірістік оқыту кезінде кіші топтарға бөлінуі мүмкін. Топтағы және кіші топтағы адамдар саны Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген нормадан аспауы керек. Дәріс түріндегі оқу сабақтарын өткізу кезінде топтардың біріктірілуі мүмкін;

9-11) Негізгі құрам үшін өндірістік оқыту және кәсіби практика өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, оқу өндірістік шаруашылықта, оқу полигонында, сонымен қатар басқа да мекемелерде келісілген шарттың негізінде жүзеге асырылады.

9-12) Арнайы құрам үшін өндірістік оқыту және кәсіби практика ОВ-ның оқу шеберханаларында, зертханаларында, сонымен қатар ОВ-ның және қылмыстық-атқару жүйесінің өндірістік нысандарында жүзеге асырылады. Өндірістік оқыту және өндірістік практика кезіндегі жұмыс уақыты жұмысшылардың тиісті санатына арналған еңбек заңнамасында белгіленген жұмыс уақытынан аспауы керек.

9-13) Оқу-өндірістік процесті күнделікті басқаруды мемлекеттік мекеме әкімшілігі жүргізеді.

9-14) Оқу процесі кезеңінде, шартты-уақытынан бұрын босаған жағдайда немесе ауруына, сонымен қатар өзге де жағдайларға байланысты оқушылардың бір түзету мекемесінен екіншісіне ауыстыру жүргізілгенде, әрбір ауысу туралы ОВ-ның арнайы есепке алу бөлімі мемлекеттік мекеме директорын құлағдар етіп отырады.

9-15) Білім бағдарламасын меңгеру сапасы бес баллдық жүйемен бағаланады (5(үздік), 4(жақсы), 3(қанағаттанарлық), және сынақтық(сыналды, сыналмады), кредиттік-модульдік бағалау (пайыздық, әріптік белгімен).

9-16) Білім алушылардың пәндер бойынша білімін ағымдық бақылау ондағы практикалық және семинарлық сабақтар болмағанда оқытушының міндетті бақылау жұмысын (жазба тапсырмалары, рефераттар) тексеру жолымен жүзеге асырылады. Бақылау жұмысы бірнеше нұсқада немесе жеке тапсырмалар түрінде жүргізіледі;

9-17) Келесі семестрге өткен пәндер бойынша, егер оқу жоспарында ағымдағы семестрде аралық аттестаттау емтихан немесе қорытынды сынақ түрінде осы пәннен қарастырылмаса сынақ алынады. Аралық аттестаттауға енгізілмеген пәндер бойынша қорытынды бағаларды оқытушылар курс аяқталғанда үлгерімді ағымдық бақылау бағаларының негізінде қояды;

9-18) Студенттердің аралық аттестаттауы білім берудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарының негізінде құрастырылған оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады;

9-19) Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға оқитудың толық курсы бітірген және барлық курс бойынша оң бағалары бар білім алушылар жіберіледі. Қорытынды аттестаттаудан өткендерге мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

9-20) Куәлік немесе диплом сотталушылардың жеке іс қағаздарында сақталады және жазасын өтеп болған соң қолдарына беріледі;

10) білім алушыларды оқудан шығарудың негіздемесі және тәртібі:

- мекеме басшысының бұйрығымен білім алушылар келесі жағдайларда оқудан шығарылуы мүмкін:

- өз еркімен;

- дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде денсаулық жағдайына байланысты;

- басқа білім беру ұйымына, ал арнайы құрам үшін басқа ОВ-ға ауысына байланысты;

- егер аралық аттестаттау нәтижесі бойынша үштен артық қанағаттанарлықсыз бағасы болса;

- осы Жарғы, оқу пәні ережесін, білім алушылардың мемлекеттік мекемедегі жүру тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін бірнеше рет бұзған;

- Мемлекеттік мекеме ғимаратында алкогольдік, есірткілік немесе басқа токсиндік күйде болған жағдайда;

- академиялық демалыстан бұйрықта белгіленген мерзімде шықпаса;

- білім алушы заңдық күшіне енген сот шешімімен сотталған жағдайда;

- білім алушының қайтыс болуына байланысты;
- келісімшарттық негізде білім алушының келісімнің шартын орындамағаны үшін;

- басқа да жағдайларда.

11) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, атап айтқанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату бойынша ақылы қызметті ұсыну және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуға ақшаны жұмсау ережелеріне сәйкес Мекеме ақылы қызмет көрсете алады.

12) Мемлекеттік мекеме мен білім алушылардың арасындағы қарым-қатынас осы жарғымен, ішкі еңбек тәртібімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

13) Негізгі құрам қатарындағы білім алушылардың құқықтары бар:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

- оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

- қосымша қызметтер, білімді өзінің қажеттілігі мен бейіміне қарай мемлекеттік мекемеден ақылы түрде алуға;

- мекемені басқаруға қатысуға;

- білім ұйымындағы ақпараттық қорларды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешенмен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

- спорттық, оқу, мәжіліс залдарын, компьютерлік сыныпты және кітапхананы тегін пайдалануға;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды.

14) Арнайы құрам қатарындағы білім алушылардың құқықтары бар:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

- мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарына сәйкес білім, білік, практикалық дағды және құзыреттіліктер алуға және Мекеме жарғысында қарастырылған талаптарды орындауға міндетті;

15) Арнайы құрам қатарындағы білім алушылар міндетті:

- Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген құқықтық нормаларды, мемлекеттік мекеменің және ОВ-ның ішкі тәртібі Ережелерін қатаң сақтауға, сонымен қатар мемлекеттік мекеме әкімшілігінің, кезекші шебердің және педагогтардың заңды талаптарын орындауға;

- мінез-құлықтың қоғамдық нормаларын, сыртқы келбет мәдениетін сақтауға, педагогикалық қызметкердің ар-намысы мен қадыр-қасиетін, мемлекеттік мекеме дәстүрін құрметтеуге, педагог жұмысына құрметпен қарауға, басқа білім алушыларға ізеттілік көрсетуге

16) Құрамға байланысты заңды өкілдер немесе ОВ міндетті:

- сотталғандардың тәрбиесі мен білім алуына жауапты болуға;

- мемлекеттік мекеме Жарғысының талаптарын орындауға;

- білім алушылар топтарындағы жиналыстарға қатысуға;

- оқушылардың салауатты және қауіпсіз өмір сүруіне және білім алуына, олардың интеллектуалдық және физикалық күштерін дамытуға және адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына жағдай жасауға;
- сотталушылардың білім мен тәрбие алу сұрақтары бойынша мемлекеттік мекемемен бірлесе жұмыс жасауға;
- оқушылардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге.

17) Оқушылар мен ОВ-ның міндеттемелері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, соның ішінде білім беру, ішкі істер және/немесе әділет саласындағы уәкілетті органдар бекіткен ОВ-ның ішкі тәртіп ережелеріне, сонымен қатар мемлекеттік мекеме Жарғысына сәйкес анықталады.

14. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4 тарау. Мекемені басқару

16. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады, ал коммуналдық мемлекеттік мекемені жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

17. Уәкілетті орган Қазақстан заңнамасында көрсетілген тәртіпте келесі қызметтерді атқарады:

- 1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуын қадағалайды;
- 3) мемлекеттік мекеменің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді келіседі;
- 4) Мемлекеттік мекеменің құрылымын, құрылу тәртібін, мемлекеттік мекеменің шешім қабылдау тәртібін белгілейді;
- 5) Мемлекеттік мекеме басшысының құқығын, міндеттемелері мен жауаркершілігін, оның қызметтен босатылу негіздемесін анықтайды;
- 6) Мемлекеттік мекеменің штаттық құрылымы мен санының мөлшерін бекітеді;
- 7) Мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысымен мемлекеттік мекеменің бас бухгалтерінің, орынбасарлардың жұмысқа тағайындалуы мен босатылуына келісім береді;
- 8) Жылдық қаржылық есептемелерді бекітеді;
- 9) Мемлекеттік мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі

нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

10) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша республикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады (жергілікті атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісім бойынша-аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

11) Осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеме басшысын Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті орган қызметке тағайындайды және босатады.

19. Мемлекеттік мекеме басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тікелей Уәкілетті органға бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен олардың функцияларының жүзеге асырылуына жеке жауап береді.

20. Мемлекеттік мекеме басшысы бірлесе қызмет ету қағидаты бойынша әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген құзырына сәйкес мекеме қызметі туралы дербес шешім қабылдайды.

21. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемені жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағыттаған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеледі.

22. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) Мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Мемлекеттік мекеме мүддесін мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда білдіреді;
- 3) Келісімшарт жасасады;
- 4) Сенімхаттар береді;
- 5) Іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлерді дамытудың басқа да түрлері бойынша мемлекеттік мекеменің тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) Банктік шоттар ашады;
- 7) Бұйрықтар шығарады және барлық қызметкерлер үшін міндетті нұсқаулар береді;
- 8) Мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, тиісті саланың(жергілікті атқарушы орган) уәкілетті органы тағайындаған қызметкерлерден басқаларын;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

10) Өзінің орынбасары (орынбасарлары) мен мемлекеттік мекеменің басқа басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) Өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен немесе тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5 тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкін қалыптастыру тәртібі

23. Мемлекеттік мекеменің мүлкі, бұл құны оның балансында көрсетілген заңды тұлғаның активтерін құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) Оған меншік иесі берген мүліктердің;

2) Меншіктік қызметі нәтижесінде алынған (ақша табыстарын қоса алғанда) мүліктердің;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге көздердің есебінен құрылады.

24. Мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және смета бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқы жоқ.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдары мемлекеттік мекемеге кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығын берсе, онда мұндай қызметтен алынған ақша, білім беру, сұрып сынау, ауылшаруашылық өндірісі үшін агрохимиялық қызметтер, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, спортқа мамандандырылған Қарулы Күштер, мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік мұражайлар және қорық мұражайлар саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаны қоспағанда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті бюджетке аударылады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

27. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есеп береді.

28. Мемлекеттік мекемені тексеруді және қаржылық-шаруашылық қызметіне ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы, Жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс уақыты ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді, қажет болған жағдайда ОВ-ның әкімшілігімен келісіледі және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі керек.

7 тарау. Құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі және "заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8 тарау. Мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату шарттары

31. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Абай облысы білім басқармасының
«Жарма технология колледжі»
КММ директоры



Б. Омаров

Келісілді:
«Абай облысының
білім басқармасы» ММ
басшысы



Н. Ахметқалиев

**приказом государственного
учреждения «Управление
финансов области Абай»
от «_____» _____ 2023 года
№ _____**

**Устав
Коммунального государственного учреждения «Жарминский
технологический колледж» управления образования области Абай**

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Жарминский технологический колледж» управления образования области Абай (далее – государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций по реализации образовательных учебных программ общего среднего, технического и профессионального образования или послесреднего образования, а также для организации обучения, подготовки и переподготовки квалифицированных рабочих кадров, в том числе из числа осужденных (далее – специальный контингент), содержащихся в учреждениях уголовно-исполнительной системы области Абай (далее – ОВ).

2. Государственное учреждение создано постановлением акимата области Абай №124 «О реорганизаций некоторых образовательных организаций» от 14 июля 2023 года.

3. Учредителем государственного учреждения является государственное учреждение «Аппарат акима области Абай» (далее – Местный исполнительный орган).

4. Уполномоченным органом соответствующей отрасли, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества, является государственное учреждение «Управление образования области Абай» (далее – Уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Наименование государственного учреждения: коммунальное государственное учреждение «Жарминский технологический колледж» управления образования области Абай.

6. Место нахождения государственного учреждения: индекс 070619, Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, город Шар, улица Амангельды, 1.

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

7. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

8. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

9. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет акимат области Абай.

10. Гражданско-правовые сделки Учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

11. Предметом деятельности государственного учреждения является учебно-воспитательная, учебно-производственная деятельность в сфере образования, подготовка и переподготовка кадров.

12. Целью деятельности государственного учреждения является реализация учебных программ технического и профессионального образования, послесреднего образования, профессиональной подготовки и переподготовки (краткосрочная профессиональная) квалифицированных кадров, в том числе из числа специального контингента по программам технического и профессионального образования.

13. Для достижения своих целей государственное учреждение осуществляет следующие виды деятельности:

